Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 260-261

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ АЙТАР БОЛСАҚ

Шопан С.

Отанын беріле сүйген, нағыз патриот, еліндегі өзгерісті халқының қуанышы мен бақытына ортақ етуді арман еткен Сәкен Сейфуллин өз дәуірінің, өз қоғамының лайықты ұлы болды.

Жазба әдебиетте ұлы Абайдан басталған рухы – Мағжан, Сәкендердің ой әлеміне бойлай еніп, сөздің сыртқы ажары мен ішкі тылсым күшін, яғни сөз құдіретін асқақтата түсу үшін өнегелі өрнек, қазақ поэзиясындағы жанашылдық үлгісіне айналды.

Совет өкіметінің алқашқы күнінен бастап өз өмірінің соңғы сағатына дейін С.Сейфуллин Коммунистік партияның қатарында болып ленинизмнің ұлы идеяларын насихаттауға, Қазақстандағы социалистік құрылыс ісіне белсене қатысты. Өзінің жиырма бес жылдық творчестволық қызметінде ол жүздеген өлең, ондаған поэма, алты-жеті көлемді прозалық шығармалар, бірсыпыра әңгімелер әдебиет зерттеу еңбектерін жазды.

Жаңа революциялық мазмұнға сай формалық ізденулермен Сәкен орыс поэзиясындағы В.В Маяковскийге еліктеді, содан үйренді. Қазақ топырағында Сәкен сол Маяковский қызметін атқарды, жаңа революцияшыл поэзияның негізін салды. Маяковский «поэзияны революцияға күштеп кіргізсе», Сәкен де қазақ поэзиясын революция үнімен көтеріп, жаңа белеске шығарды.

Өнер жолына ерте қанат қағып,биікке шарықтай өрлеген ақын Сәкен қашан да өз халқының бақыттылығын, азаттығын жастайынан өз көзімен көруін аңсады. Қайнаған қызу өмір оның ақындық жан-дүниесін билеп, жаңа шығармалар бірінен соң бірі туып,жігерлі сезімі бірте-бірте тереңдей түсті.

Ақындық шабытының қанаттағаны сондай, ол:

Дүниеге жайып құшақты,
Күштерім құлаш сермеген.
Шаттанған жалын өлеңді
Айтпауға ерік бермеген,-

деп, өзінің еркін билеген ақындық құдіретін алдына бас иген. Шабытты көңілден туған сөз-шынайы ақындық сөз. Сол шынайылықтын, сезімталдылығының арқасында, әділеттілікті жақтаушы,шындық жаршысы ретінде Сәкенді тани аламыз .

Қазақстан Компартиясының сол кездегі басшысы Л.И. Мирзоян жолдас Сәкен Сейфуллинді «Қазақ совет әдебиетінің ардагері» деп атады.

Сәкеннің «үгітшілік, жаршылық, дабылшылдық қасиетінің тұтастық мән – мағынасымен поэзиясының саяси өткір бағдары – оның осы күнгі әдебиеттің алдыңғы санында болуының кепілі,оның ақындық даусының ана тілінде, орыс

тілінде және көптеген революцияшыл халықтар тілінде бұрынғысынша өткірде өр санқылдауының куәсі».

Сәкен Сейфуллинге және оның уақытына, замандастарына еліміздің мемлекттігі қалыптасуының күрделі, қайшылықты саяси тарихындағы орнына баға берерде Президент Н.Назарбаевтың – «қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті ақыны және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинді халық жадында сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз, ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрескер», - деген кең парасатты ойы мен терең мәңді бағасын берді.

Ғылыми жетекшісі: Е. Зайтхан